

Сүйіндік селолық округіндегі "Сұңқар" елді мекен аумағында құтыру ауруына шектеу іс-шараларын жариялау туралы

Күші жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 83 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда N 4-8-145 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339-ІІ "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасын басшылыққа алып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Атырау облысы Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының 2009 жылғы 16 ақпандағы N 27 ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облыстық ветеринариялық зертханасының 2009 жылғы 16 ақпандағы N 5 сараптамасы бойынша, Сүйіндік ауылдық округінің "Сұңқар" елді мекенінде өлген бір бас мүйізді ірі қара құтыру ауруына оң реакция беруіне байланысты "Сұңқар" елді мекеніне шектеу іс-шаралары жариялансын.

2. Сүйіндік селолық округінің "Сұңқар" елді мекеніне шектеу іс-шаралары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Сүйіндік селолық округі әкімінің міндетін атқарушы - А.Жахиенге, Атырау облысы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының бастығы - С.Сәлімғалиевқа (келісім бойынша), аудандық емхананың бас дәрігері - Е.Куановқа (келісім бойынша), аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы - Ө.Сарбасовқа (келісім бойынша), аудандық мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы - К.Утаровқа (келісім бойынша) іс-шарадағы көрсетілген шараларды орындауға қамтамасыз етуге ұсынылсын.

4. Осы іс-шарадағы көрсетілген тапсырмалардың орындалысын апта сайын аудандық ауылшаруашылық бөліміне тапсыруды ұсынылсын.

5. Қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді және ресми жарияланып күнтізбелік 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:

Куанов Е. - Аудандық емхананың бас дәрігері;

Сарбасов Ө. - Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы;

Утаров К. - Аудандық мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы;

Сәлімғалиев С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Атырау облысы Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының бастығы.

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы
17 ақпандағы N 83 қаулысымен
бекітілген қосымша

Сүйіндік селолық округі бойынша жұқпалы ауруының
тарап кетуін болдырмау іс-шаралары

N	Атқарылатын шаралардың мазмұны	Орындау мерзімі	Орындалуына жауапты адамдар
1	Құтыру ауруы белгісі білінген малдарды, өртеп көмдіру, орнын залалсыздандыру, тексеру үшін зертханаға материалдарды жіберуді ұйымдастыру	Тұрақты	ҚР-сы ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Атырау облысы Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының бастығы С.Сәлімғалиев
2	Ауырған малмен қатынасы бар адамдарды тексеруден ұйымдастыру дәрігерлік өткізуді	Тұрақты	Аудандық емхананың бас дәрігері - Е.Куанов, аудандық мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы - К.Утаров
3	Елді мекендердегі жеке қожалықтардың малдарын, ит, мысықтарын құтыру ауруына қарсы егістен өткізуді ұйымдастыру	Тұрақты	ҚР-сы ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Атырау облысы Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының бастығы - С.Сәлімғалиев
4	Бірлескен түрде ауру ошағынан мал және мал өнімдерін шығаруға қатаң тыйым салу	Тұрақты	ҚР-сы ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Атырау облысы Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясының бастығы - С.Сәлімғалиев, аудандық ішкі істер бөлімі - Ө.Сарбасов, округ әкімінің міндетін атқарушы - А.Жахиен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК